

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№276**

**2018 жылғы 11 сәуір**

**Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекті енгізу және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды ресмилендіру бойынша шаралар туралы**

«Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекті енгізу және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды ресмилендіру бойынша шаралар туралы» Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қ.О.Отаровтың баяндамасын тыңдап және талқылай келе, жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекті енгізу және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды ресмилендіру бойынша облыста белгілі бір жұмыстардың жүргізіліп отырғандығын облыстық мәслихат атап көрсетеді.

Жаңа форматтағы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек: шартсыз және шартты ақшалай көмек болып екі түрге бөлінеді.

Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекті 2018 жылы Ақтөбе облысы бойынша іске асыруға республикалық бюджеттен барлығы 798,5 млн. теңге қаражат жоспарланды.

Соның ішінде, 59752 адамға жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек беруге – 665,5 млн. теңге;

19 консультанттардың қызметіне – 34,2 млн. теңге;

85 ассистенттердің қызметіне – 98,8 млн. теңге қарастырылған. Сонымен қатар жергілікті бюджеттен 473,4 млн. теңге қаражат қарастырылды.

Ағымдағы жылдың 1 сәуіріне аудандық, қалалық жұмыспен қамту органдарының жедел мәліметтеріне сәйкес, құрамында 9631 адамы бар 1916 отбасыға 96,5 млн.теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды:

- шартты ақшалай көмек құрамында 7994 адамы бар 1507 отбасыға 74.7 млн.теңге;

- шартсыз ақшалай көмек құрамында 1637 адамы бар 409 отбасыға 21,8 млн.теңге.

Бейресми жұмыспен қамтылған тұрғындарды ресмилендіру және ел экономикасына және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тарту бойынша 2018-2019 жылдарға арналған ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (Жол картасы) бекітілді.

Облыстағы 367 елді-мекендердің ішінен 2018 жылдың 1 сәуіріне 312 елді мекен араланып, соның ішінен мақсатты топтарға жататын 71 мың тұрғынға түсіндірілді.

Облыстық «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «КерекИнфо» газеттерінде, аудандардың бұқаралық ақпараттық құралдарында жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек туралы 153 мақалалар, түсінік мәліметтер жарияланды, жергілікті «Қазақстан-Ақтөбе», «Рика ТВ» телеканалдарында жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек жөнінде 47 сұхбаттар берілді.

Халық көп шоғырланған жерлерде, «Халыққа қызмет көрсету орталықтарында», «Халықты жұмыспен қамту орталықтарында», басқада қоғамдық орындарда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен ұсынылған жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек туралы бейнероликтер көрсетілуде.

Ақтөбе облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының және аудандық әкімдіктердің ресми сайтында ақпараттық-анықтамалық мәліметтер ай сайын орналастырылуда.

Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек көрсету және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды ресмилендіру бойынша жергілікті атқарушы органдар тарапынан қабылданған шараларға қарамастан бірқатар мәселелер бар.

Шартты ақшалай көмек алушы, жұмыссыз, еңбекке қабілетті азаматтарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтамасыз етілмеуі, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылатын тұлғаларды жұмысқа орналастыру деңгейінің төмендігі (*4350 адам жұмысқа орналасқан, оның ішінде 258 адам ғана атаулы әлеуметтік көмек алушылар*).

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу үшін қажетті азаматтардың статустарын нақтылау бойынша жұмыстар толық көлемде орындалмай отыр.

Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдіктерімен және тиісті жауапты құзырлы мемлекеттік органдармен 96 573 адамның статустары нақтыланбай отыр, соның ішінде:

- Мемлекеттік кірістер департаментімен, міндетті зейнетақы аударымынсыз жұмыс жасайтын 47 726 адамның;
- Көші қон басқармасымен, көшіп кеткен 3 936 адамның;
- Әділет департаментімен, қайтыс болған 74 адамның;
- Білім басқармасымен, 414 студенттің.

Тұрғындарды жұмыспен қамтуға ықпал етудің белсенді шараларына тұрғындарды тарту бойынша жұмыс баяу жүргізілуде. Нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз ретінде анықталған 36 731 адамның тек 1 927-ы ғана (5,2%) жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ басшысы Қ.О.Отаровтың хабарламасы назарға алынсын.

2. Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдерімен бірге «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (Қ.Отаров) ұсынылсын:

1) бейресми жұмыспен қамтылған тұрғындарды ресмилендіру және ел экономикасына және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тарту бойынша 2018-2019 жылдарға арналған ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (Жол картасы) іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру;

2) жұмысты жандандыру орындау бойынша қабылданған аз қамтылған азаматтарды бірінші кезекте жұмыспен қамтамасыз ету бойынша Кешенді жоспарлармен және тұрғындарды жұмыспен қамту Жол картасымен қабылданған 2018 жылға міндеттемелерді орындау бойынша жұмыстарды жандандыру;

3) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу үшін жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің, азаматтардың мәртебесін нақтылаудың негізгі бағыттарын елді мекендерде ақпараттық-түсіндіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды күшейту;

4) жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге тұрақты мониторинг жүргізу;

5) «нәтижесіз жұмыспен қамтылған» және «тіркелмеген жұмыссыздарды» жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамту бойынша шаралар қабылдау;

6) «Азаматтардың әлеуметтік мәртебесін белгілеу» ақпараттық жүйесінде қамтылған ақпараттарды нақтылау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

7) еңбек нарығындағы қажетті мамандықтар мен дағдылар бойынша жұмысшы мамандарды қысқа мерзімді кәсіби оқыту бойынша жұмысты жандандыру;

8) атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты уақытылы және толық игеру бойынша шаралар қабылдау.

3. «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (Қ.Отаров) Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдерімен, мемлекеттік кірістер, әділет департаменттерімен, көші-қон қызметі және білім басқармаларымен бірлесіп ресмилендірілмеген азаматтардың мәртебесін нақтылау бойынша жұмысты жандандыру *(міндетті зейнетақы жарналарын*

*аударусыз жұмыс істейтіндер, қайтыс болғандар, көшіп кеткендер және студенттер) ұсынылсын.*

4. «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (Қ.О.Отаров) ұсынылсын:

1) «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (Л.А.Уразбаева) бірге мынадай бойынша шаралар қабылдау:

- еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру;

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базаларын жаңғырту бойынша шаралар қабылдау;

- арнайы пәндер оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлерін даярлау және қайта даярлау.

2) «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ (А.Н.Даржанова) және Ақтөбе облысының өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер Палатасымен (Н.Б.Мұқанов) бірге, тұрғындардың жұмыспен қамтылу ерекшеліктерін ескере отырып, бизнес-құрылымдардың техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде, сондай-ақ тікелей өндірісте мамандар даярлауға белсенді қатыстыру.

3) «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ (А.Н.Даржанова) және «Ақтөбе облысының мемлекеттік кірістер департаменті» ММ (А.М.Паяев) бірге, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын өзін-өзі қамтыған азаматтардың жеке кәсіпкер ретінде есепке тұру қажеттілігі жөнінде түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізу;

4) «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ (Қ.І.Сарсембай), маусымдық жұмысқа тартылатын тұлғалармен міндетті еңбек шартын жасасу қажеттілігі жөнінде шаруа қожалықтарының басшыларымен тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5) «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» ММ (Б.О.Елеусінова) кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету құралдарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындар арасында ақпараттандыру және насихаттау бойынша жұмысты күшейту, танымдық-ағарту және білім беру аудио-және бейнероликтерді жасау және таратуды қамтамасыз ету, бизнестің үздік үлгілерін интернет-ресурстарында, баспа басылымдарында, радио және телеарналарда жариялау. Осы мақсаттарда әлеуметтік тапсырыс қаражатын пайдалану мүмкіндігін қарастыру.

5. Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдеріне және мәслихат хатшыларына, 2019-2021 жылдарға арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру барысында, әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға және жастар тәжірибесін ұйымдастыруға қаражат қарастыру ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**А. ОРАЛМАҒАНБЕТОВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**